

**Халықтық аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызмет көрсетуге ақы төлеуге тұрғын үй көмегін беру тәртібі туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2003 жылғы 12 маусымдағы N 23-178-II шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 15 шілдеде N 927 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 4-27/IV Шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2007.12.24 N 4-27/IV Шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 1997 жылы 16 сәуіріндегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына N 94-1 және 1999 жылғы 16 қарашадағы "Әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы" N 477-1 Заңына сәйкес мәслихат ШЕШІМ Е Т Е Д І :

1. Аз қамтамасыз етілген Шардара қаласының азаматтарына тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызмет көрсетуге ақы төлеуге тұрғын үй көмегін беру Тәртібі бекітілсін (қосымшада).

2. Аталған шешім 2003 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Шардара аудандық мәслихатының  
2003 жылдың 12 маусымындағы  
23-178-II "Халықтық аз қамтамасыз  
етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау  
мен коммуналдық қызмет көрсетуге  
ақы төлеуге тұрғын үй көмегін беру  
Тәртібі туралы шешіміне қосымша

**Тұрғын үй көмегі.**

1. Тұрғын үй көмегі халықты әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылады.

2. Тұрғын үй көмегі Шардара қаласында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға егер тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығындары отбасының жиынтық табысының 30 пайызынан жоғары болған жағдайда ақшалай өтем түрінде бюджеттен төленеді. Бекітілген нормадан жоғары тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуді

азаматтар жалпы негіздерде жүргізеді.

3. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы тұрғын үй заңымен белгіленген отбасының әр мүшесіне тұрғын үй беру нормасымен баламды.

4. Тұрғын үй көмегі ауданда тұрақты тұратын және меншік нысанына қарамастан (жекешеленген тұрғын үйді ұстаудан басқа) тұрғын үйдің меншік иесі немесе пайдаланушы (жалға алушы, жалдаушы) болып табылатын жеке тұлғаларға тағайындалады.

5. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (пәтерлері, тұрғын үйі) бар немесе тұрғын жайды жалға алып, жалға берушілер, сондай-ақ, жалға алушы тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады. Отбасында күтуді қажет етеді деп танылған мүгедектерді күтуді жүзеге асырушы немесе 3 жасқа дейінгі, сондай-ақ кіші баласы бірінші сыныпта (бірақ 9 жастан аспаған) бітіргенге дейінгі төрт және одан да көп балаларды тәрбиелеумен шұғылданушы (бір және одан көп) баланы тәрбиелеумен шұғылданушы тұлғалардан басқа жұмыс істемейтін, күндізгі оқыту бөлімінде оқымайтын, әскерде қызмет етпейтін және жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген еңбекке жарамды тұлғалар болса, отбасылардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқы болмайды.

6. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем түрінде атаулы тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтер үшін төлемақыны тұрғын үйді жалдаушыға (меншік иесіне) есептелген сомамен салыстырғанда азайту ретінде беріледі.

7. Тұрғын үй мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөнінде жеңілдіктері бар және осымен бір мезгілде тұрғын үй көмегін алу құқығы бар тұлғаларға әлеуметтік қорғау нысандарының бірін таңдау мүмкіндігі беріледі.

8. Тұрғын үй көмегі өтініш берілген күннен бастап алты ай мерзімге тағайындалады. Тұрғын үй көмегін алушыларды қайта тіркеу рәсімдеудің алғашқы процедурасы секілді жүргізіледі.

Отбасының тұрғын үйді ұстау коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуге жұмсалуына жол беруге болатын шекті шығындар үлесі, отбасының табыстары, сондай-ақ тұрғын үй коммуналдық қызметтер ставкалары мен тарифтері өзгерген кезде тұрғын үй көмегі қызметтері бұрын тағайындалмаған жәрдемақыларға қайта есептеулер жүргізіледі.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар өз тұрғын үйінің меншік нысанында, отбасы құрамындағы және оның жиынтық табысындағы кез-келген өзгерістер туралы, сондай-ақ көмек дұрыс есептелмеген жағдайлары туралы тұрғын үй көмегі қызметін он күн ішінде хабардар етуге тиіс.

Тұрғын үй көмегі қызметіне жоғары немесе заңсыз өтем тағайындауға апарып соғатын жалған мәліметтерді әдейі бергені үшін жалға алушы (меншік иесі) бір жыл бойы жәрдемақы алу құқығынан айрылады. Тұрғын үй көмегі ретінде

заңсыз алынған сомалар заңда белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады.

10. Тағайындалған тұрғын үй көмегі бойынша рәсімделген құжаттарды дұрыс еместігі қызметкерлер жіберген қателігіне заңда белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

### **Тұрғын үй көмегін есептеу.**

1. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді Шардара ауданы әкімінің жанындағы ауданды комплекстік дамыту бөлімі бөлімі (басқармасы) мекемесі жанында құрылған комиссия тұрғын үйді жалға алушының (меншік иесі), өтінішінің және оған қоса берілетін отбасы құрамы, табысы туралы анықтаманы (зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы, алимент, еңбекақы) жұмыссыз ретінде тіркелу жөнінде анықтама (отбасында жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскерде қызмет етпейтін еңбекке жарамды адамдары бар), жекешелендіру туралы келісім-шарты немесе ордері (пәтердің немесе үйдің жоспар), телефон байланысынан басқа, барлық коммуналдық қызмет түрлеріне төлеген шығындарының түбіршектері (квитанция) сияқты құжаттар негізінде қ а б ы л д а й д ы .

2. Ақпараттың растығына күдік туған жағдайда тұрғын үй көмегі қызметі сұрау салуға құқылы, ал заңды және жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер тұлғаның табысы туралы ақпарат беруге міндетті.

3. Көмек мөлшері тұрғын үй алаңы мен коммуналдық қызметі тұтыну нормативтері негізінде және осы отбасының бұл мақсаттарға жұмсайтын шығындарының жол беруге болатын шекті деңгейінің арасындағы айырма ретінде есептеледі. Отбасының жол беруге болатын шекті деңгейі отбасының жиынтық табысының 30 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Отбасының жиынтық табысына өткен тоқсандағы барлық табыс түрлері ( тұрғын үй көмегі мен атаулы мемлекеттік жәрдемақысынан басқа) кіреді.

### **Тұрғын үй көмегін қаржыландыру көздері.**

1. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру аудандық бюджет есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтер көрсетуге жұмсалатын есептік нормативтік шығындарды анықтау табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігінің Оңтүстік Қазақстан бойынша Департаменті ұсынған деректер негізінде жүргізіледі.

3. Шардара ауданы әкімінің жанындағы комплекстік дамыту бөлімі ( басқармасы) комиссия шешімінің негізінде берілетін жәрдемақылар сомасын көрсете отырып, көмек алушылардың тізімін жасайды және тоқсан сайын аудандық қаржы бөліміне тұрғын үй жәрдемақысы сомасын бюджет есебінен жабу үшін тапсырады. Аудандық қаржы бөлімі аталған қаржыны еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау бөлімі арнайы есеп-шотына жібереді, ол өз кезегінде көмек алушылардың халықтық жинақ банкі бөлімшелеріндегі есеп-шоттарына атаулы түрде аударылады немесе коммуналдық қызмет көрсетушіге ақша аудару арқылы жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК